

12 сабақ тапсырмалары.

№1. В – 36 санының бөлгіштері жиыны.

- 1) В жиынын элементтерімен жазыңыз.
- 2) В жиынының элементтер санын көрсетіп, белгіленуімен жазыңыз.

№2. А – 11 – ге еселік болатын екі таңбалы сандар жиыны.

- 1) А жиынын элементтерімен жазыңыз.
- 2) А жиынын элементтер санын белгіленуімен көрсетіп жазыңыз.

№3. Мына цифрларды пайдаланып, екі таңбалы сандардың А, В және С жиындарын элементтерімен жазыңыз:


- 1) 2 және 6;
- 2) 0, 1 және 7;
- 3) 3, 5 және 9.

№4. Жиын элементтерінің қасиеттері бойынша берілген А жиынын элементтерімен жазыңыз:

$$A = \{x | x \in N, x - 12 \text{ санының бөлгіштері}\}$$

№5. Суретте Эйлер – Венн дөңгелектерімен А және В жиындары кескінделген.

- 1) А және В жиынын элементтерімен жазыңыз.
- 2) А жиынының элементтеріне қандай қасиет ортақ?
- 3) А және В жиындарының арақатынастарын белгіленуімен жазыңыз.



№6. В – бірдей цифрлармен жазылатын екі таңбалы сандар жиыны.

D – 66 санының екі таңбалы санмен жазылатын бөлгіштерінің жиыны.

- 1) В және D жиындарын элементтерімен жазыңыз.
- 2) В және D жиындарының арақатынастарын белгіленуімен жазыңыз.

№7. «Марс» және «Уран» сөздеріндегі әріптерден:

- 1) А жиынын және В жиынын құрастырып жазыңыз;
- 2) А және В жиындарының қиылысуын жазыңыз;
- 3) А және В жиындарының бірігуін жазыңыз.

№8. С жиынында 5 элемент, D жиынында 7 элемент, ал олардың қиылысуында 3 элемент бар. С және D жиындарының бірігуінде неше элемент бар? Эйлер – Венн дөңгелектерімен кескіндеңіз.

№9. F – 4 санына еселік болатын алғашқы алты натурал сандар жиыны; K – 6 санына еселік болатын алғашқы бес натурал сандар жиыны. F және K жиындарының қиылысуын белгілеп, оны элементтерімен жазыңыз. $F \cap K$ – дағы ең кіші сан 4 және 6 сандары үшін қалай аталады?

№10.

$A - 6 < x < 12$ теңсіздігінің шешімі болатын натурал сандар жиыны;

$B - 8 < y < 15$ теңсіздігінің шешімі болатын натурал сандар жиыны.

Элементтермен жазыңыз:

- 1) A және B жиындарының қиылысуын;
- 2) A және B жиындарының бірігуін.

Элементтер санын көрсетіңіз.

№11. Сыныпта 17 ұл бала бар. Олардың 14 – і бос уақытында футбол ойнағанды ұнатады, 9 – ы шахмат ойнағанды ұнатады. Бұл ойындарға сыныптағы барлық ұл балалар қатысады. Сыныптағы неше ұл бала бос уақытында футбол ойнағанды да, шахмат ойнағанды да ұнатады?

№12. Бір аптада дүкеннен 19 адам теледидар сатып алды, 13 адам мұздатқыш сатып алды. Олардың 8 – і мұздатқыш та, теледидар да сатып алды. Неше адам теледидар ғана сатып алды? Неше адам мұздатқыш қана сатып алды?

№13. Бір топтағы туристердің 10 – ы қазақ тілін біледі, 8 – і орыс тілін біледі, олардың 3 – еуі қазақ тілін де, орыс тілін де біледі. Топта барлығы неше турист бар?

A) 12 турист; B) 11 турист; C) 15 турист; D) 17 турист.